# Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 шілде N 914

Бюджеттік мекемелердің, қорғаныс және құқық қорғау ведомстволарының алынған материалдық құндылықтар мен көрсетілген қызмет түрлері үшін пайда болған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының заңды тұлғалардан 116114 мың (жүз он алты миллион жүз он төрт мың) теңге сомасында алған табыс салығы және "Медтехника" акционерлік қоғамының 4600 (төрт миллион алты жүз мың) теңге сомасында қосылған құнға салынатын салығы бойынша олардың республикалық бюджет алдындағы берешектеріне біржолғы есептеме жүргізсін;

аталған сомаларды бюджеттік мекемелер, қорғаныс және құқық қорғау ведомстволарын қаржыландыру есебіне, олардың көрсеткен қызметтері мен алынған материалдық құндылықтары үшін жоғарыда аталған мекемелер алдындағы берешектерін қосымшаға сәйкес өтеуге есептесін.

2. Берешектерді есептеу 1996 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

аталған сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізсін.

3. Алматы қаласының әкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелерге де осындай есептеме жүргізу мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
18 шілдедегі
N 914 қаулысына
Қосымша

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы мен
"Медтехника" акционерлік қоғамының салық төлемдері бойынша
берешектерін өтеу есебіне республикалық бюджетке есептемеге

қабылданатын қызмет көрсету түрлері мен алынған материалдық
құндылықтар үшін берешектері бар мекемелерінің
Т І З Б Е С І

---

Мекемелердің атауы і Алынған материалдық құндылықтар мен көрсеткен
ікызмет түрлері үшін берешектері бар Қазақстан
іРеспубликасы бюджеттік мекемелерінің, қорғаныс
іжәне құқық қорғау ведомстволарының атауы

---

іЕсептемегеіҚорғанысіІшкі әс.іМемлеке.іПарлаіКаз.
іқабылдана.іминистр.ікерлер іттік ше.імент ігидро
ітын бере. ілігі ібас бас.ікараны і імет
ішек сомасыі іқармасы іқорғау і і
і і і іжөнінде.і і
і і і ігі мем. і і
і і і ілекеттікі і
і і і ікомитет і і

---

"Қазақтелеком"
ұлттық акционерлік
компаниясы, Алматы
қаласы, барлығы 116114 60213 6327 13214 13152 23208
Оның ішінде:
Заңды тұлғалардан
алынатын табыс
салығы 116114 60213 6327 13214 13152 23208
"Медтехника" акци-
онерлік қоғамы,
Алматы қаласы,
барлығы 4600 4600
Оның ішінде қосылған
құнға салынған салық 4600 4600
Барлығы: 120714 60213 6327 17814 13152 23208

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК